



Абижанова Асем Шаймерденовнаның «6D010700-Бейнелеу өнері және сзыу» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін жазылған «Студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамыту» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуіне шетелдік ғылыми кеңесшінің

## ПІКІРІ

Қазақстанның рухани жаңғыру мен төртінші өнеркәсіптік революция дәуірі жағдайында ұлттық, рухани және материалдық қорлардың негізін зерделеу, оларды тиімді жүзеге асыру мәселелері ерекше көкейкестілікке ие болып отыр. Ал бұл болса, мәдениет салаларын дамытуды, оның қалыптасып дамуындағы жетістіктер мен озық дәстүрлерді, халық тәжіриbesін болашақ үрпаққа жеткізуді қажет етеді, бұл *біріншіден*. *Екіншіден*, осы үрпақты тәрбиелейтін болашақ мамандардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру қажеттілігіне сәйкес олардың бойында шығармашылықты, соның ішінде көркемдік-шығармашылықты дамыту маңызды саналады. Өйткені, тұлғаның көркемдік-шығармашылық сапасы бәсекеге қабілеттіліктің негізін құрайтын эстетикалық, этикалық, руханилық, рухани-адамгершілік, зияттылық білімдер мен қабілеттерден құралады. *Үшіншіден*, Қазақстанның экономикалық даму деңгейі мемлекеттегі индустрія мен техниканың даму дәрежесіне тікелей байланысты болғандықтан, өнеркәсіп саласына қатысты көркемөнер өндірістерін жетілдіру мен оларды әлемдік деңгейге көтеру барысында өнімдердің ұлттық нақышын сақтап қалуды, халықтың мәдени мұралары мен ұлттық өнерін жан-жақты зерделеп, олардың оң нәтижелерін үрпақ тәрбиесінде тиімді пайдалануды қажет етуде. Осыған сәйкес болашақ мұғалім ұлттық өнерді, соның ішінде кесте өнерін менгеріп қана қоймай, оны дамыту және окушылардың көркемдік-шығармашылық іс-әрекетінде тиімді пайдалану зерттеудің көкейкестілігін арттыра түседі.

Асем Абижанова диссертациялық жұмысын жазу барысында өзінің кәсіби педагогикалық білімін пайдаланумен қатар зерттеу проблемасына қатысты философиялық, этнографиялық, өнертанушылық, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге теориялық талдау; контент-талдау, модельдеу, теориялық негіздеу, КР білім беру саясатының нормативті-құқықтық күжаттарымен танысу; озық тәжірибелерге талдау жасау; іс-әрекет нәтижелерін салыстырмалы талдау; сауалнама, тестілеу, диагностикалық әдістемелер, математикалық-статистикалық өндеу әдістері мен тәсілдерін колданды.

Нәтижесінде жаңа ғылыми нәтижелерге қол жеткізді:

- студенттерің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамытудың теориялық негіздерін айқындады;
- ұлттық кестенің мазмұны мен көркемдік-шығармашылық мәнін анықтады;
- студенттерің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасады;
- студенттерің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамытудың әдістемесін жасады және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерді, оны ендіру бойынша ұсыныстар берді.

Зерттеу жұмысының барысында алғынған нәтижелер мен олардың негізінде дайындалған нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, зерттеу материалдарын жоғары педагогикалық оку орындарының көркемөнер саласы студенттерінің оку-тәрбие үдерісінде, жалпы білім беретін мектептердің, өнер саласындағы лицейлердің, колледждердің тәжірибесінде, педагог мамандардың біліктілігін жетілдіру және қайта даярлау жүйесінде пайдалануға болады.

Докторанттың диссертация мазмұны бойынша еңбектері Скопус мәліметтер базасына енетін нөлдік емес импакт-факторлы шетел басылымдарында, қазақстандық ғылыми журналдарда, халықаралық және шетелдік конференцияларда жарық көрген.

Зерттеу жұмысының теориялық және практикалық кезеңдерін орындауда автор ғылыми зерттеудің әдістемесін жетік менгергендігін көрсетті. Асем Абижанова шетелдік тағылымдамадан өту кезеңінде де өзінің білімділігін, біліктілігін, ізденімпаздығын, зерттеу проблемасына аса қызығушылығын, белсенділігін, зерттеушілік қабілетінің жоғарылығын таныта білді.

Мен Абижанова Асем Шаймерденовнаның «6D010700-Бейнелеу өнері және сыйзу» мамандығы бойынша жазылған «Студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамыту» тақырыбындағы диссертациясын аяқталған, алғынған ғылыми жаңалығы практикада негізделген, маңыздылығы зор жұмыс деп білемін. Сондықтан, жұмыс жоғары деңгейде орындалған деп бағалаймын. Абижанова Асем Шаймерденовнаның диссертациялық жұмысын «6D010700-Бейнелеу өнері және сыйзу» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін көпшілік алдында қорғауға ұсынамын.

Шетелдік ғылыми кеңесшісі,  
п.ғ.д., доцент Омер Займоглу  
Ақденіз университеті  
(Түркия мемлекеті)

12. 01. 2021

